

## **АПТА САЙЫНҒЫ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ 2022 жылғы 12-18 наурыз аралығындағы кезеңге**

NASA спутниктері суреттерінің деректері бойынша 3.03-10.03.2022 ж. кезеңінде «Қазгидромет» РМК есептеген Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 64%-дан 52%-ға дейін азайды (1-қосымша).

ҚР жазық аумақтарының өзен алаптары бойынша ылғал қорының көлемі мен топырақтың қату тереңдігі 2-қосымшада келтірілген.

2022 жылғы 12-18 наурыздағы апталық синоптикалық болжамға сәйкес оңтүстік циклонның ықпалымен бүкіл кезең бойы еліміздің басым бөлігінде тұрақсыз ауа райы сипаты күтіледі, оңтүстік өңірлерде негізінен жаңбыр жауады, солтүстік өңірлерде қар түрінде жауын-шашын күтіледі. 13-14 наурызда Шығыс Қазақстан облысында қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) болады. 12-18 наурызда Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарында жаңбыр болжанады, облыстың оңтүстігінде қатты жаңбыр жауады, таулы аудандарда жаңбыр мен қар түрінде қатты жауын-шашын болады, осыған байланысты жоғарыда аталған өңірлердің тау бөктеріндегі аудандарында көлбеу ағын қалыптасады деп күтіледі.

Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының оңтүстігінде күндіз ауа температурасы 2-7°C-қа дейін сақталады (3-қосымша).

### **Қарағанды облысы бойынша**

3.03. – 10.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

**Нұра өзенінің алабы бойынша** 51 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 269 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 50%-ға аз.

**Шерубайнұра өзенінің алабы бойынша** 133 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 212 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 65%-ға аз.

**Кеңгір өзенінің алабы бойынша** 114 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 371 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 28%-ға аз.

### **2022 жылғы 12-18 наурыз аралығындағы ағындының болжамды көлемі:**

- Нұра өзенімен Самарқанд су қоймасына келетін су (Балықты ГБ тұстамасы бойынша) 0,2-0,3 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Шерубайнұра өзенімен Шерубайнұра су қоймасына келетін су (Қарамұрын ГБ тұстамасы бойынша) 2,6-3,8 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Кеңгір өзенімен Кеңгір су қоймасына келетін су (Қаракеңгір және Сарыкеңгір ГБ тұстамалары бойынша) күтілмейді.

### **Есіл өзенінің бассейні бойынша.**

**(Ақмола облысы және СҚО бойынша)**

3.03. - 10.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

**Бастауынан Астана су қоймасына дейін** 27 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 201 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 31%-ға аз.

**Қалқұтан өзенінің алабы бойынша** (Есіл өзенінің саласы) 83 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайды және 1370 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 15%-ға аз.

**Жабай өзенінің алабы бойынша** (Есіл өзенінің саласы) 43 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайды және 870 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

**Сергеев су қоймасына дейін** 315 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайды және 5822 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 28%-ға артық.

**Сілеті өзенінің алабы бойынша** өзгермеген және 583 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

**Шағалалы өзенінің алабы бойынша** 2 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 51 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көп жылдық мәндерден 19%-ға аз.

#### **2022 жылғы 12-18 наурыз аралығындағы ағындының болжамды көлемі:**

- Есіл және Мойылды өзендерімен Астана су қоймасына келетін су (Түрген және Николаевка ГБ тұстамалары бойынша) 0,50-0,70 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;
- Есіл өзенімен Сергеев су қоймасына келетін су (Тоқсан би және Иманбұрлық ө. – Соколовка а. ГБ тұстамалары бойынша) 3-5 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;
- Сілеті өзенімен Сілеті су қоймасына келетін су (Бестоғай ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді;
- Шағалалы өзенімен Шағалалы су қоймасына келетін су (Павловка ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді.

#### **Ақтөбе облысы бойынша**

3.03. - 10.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

- **Елек өзенінің алабы бойынша** 61 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 275 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мән шегінде.
- **Қарағала өзенінің алабы бойынша** 5 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 206 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 27%-ға аз.

#### **2022 жылғы 12-18 наурыз аралығындағы ағындының болжамды көлемі:**

- Елек өзенімен Ақтөбе су қоймасына келетін су (Бестамақ ГБ тұстамасы бойынша) 0,10-0,14 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;
- Қарғалы өзенімен Қарғалы су қоймасына келетін су (Тройцкое және Қосістек ГБ жармалары бойынша) 0,18-0,26 млн. м<sup>3</sup> көлемінде.

#### **Батыс Қазақстан облысы бойынша**

3.03. - 10.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

- **Шыңғырлау өзенінің алабы бойынша** 93 млн. м<sup>3</sup>-қа азайды және 210 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 44%-ға аз.
- **Шежін-2 өзенінің алабы бойынша** 6 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайды және 53 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 33%-ға артық.
- **Деркүл өзенінің алабы бойынша** 38 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайды және 182 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.
- **Шаған өзенінің алабы бойынша** 92 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайды және 363 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

## **Қостанай облысы бойынша**

3.03. - 10.03.2022 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

- **Тобыл өзенінің алабы бойынша (Жоғарғы Тобыл су қоймасынан жоғары)** 144 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайып, 904 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

- **Тобыл және Әйет ө. алабы бойынша (Қаратомар су қоймасына келетін су)** 126 млн. м<sup>3</sup>-қа артты және 496 млн. м<sup>3</sup>-ты құрады, бұл орташа көпжылдық мәндерден 17%-ға артық.

### **2022 жылғы 12-18 наурыз аралығындағы ағындының болжамды көлемі:**

- Тобыл өзені бойынша Жоғары Тобыл су қоймасына (Гришенка ГБ тұстамасы бойынша) 0,4-0,6 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Әйет өзені бойынша Қаратомар су қоймасына (Варваринка ГБ тұстамасы бойынша) 0,3-0,4 млн.м<sup>3</sup> көлемінде.

## **Таулы өзендер**

Шығыс Қазақстан, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының таулы өзендерінде ел аумағында қалыптасқан су тасқыны қатты жауын-шашынға байланысты.

ШҚО, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының таулы өзендерінде қар қоры айына бір рет 25 қар өлшейтін маршрут бойынша анықталады. Бір қар өлшеу маршрутының ұзындығы орта есеппен 100 км-ді құрайды, тиісінше тау өзендері бойынша қар қоры бойынша келесі деректер 2022 жылғы сәуірдің алғашқы күндерінде ұсынылатын болады.

ҚР таулы аумақтары бойынша топырақтың қату тереңдігі бойынша деректер 4-қосымшада келтірілген

## **Шығыс Қазақстан облысы бойынша**

Облыс аумағының қармен жабу алаңы 3.03. – 10.03.2022 ж. кезең үшін 95%-дан 87%-ға дейін азайды.

Шүлбі су қоймасынан төмен Семей қаласындағы Ертіс өзенінде мұздың қатуы байқалады, мұздың орташа қалыңдығы 46 см. Семиярка ауылында мұздың орташа қалыңдығы 101 см-ді құрайды.

Павлодар облысының аумағында РФ шекарасына дейінгі Ертіс өзенінде мұздың орташа қалыңдығы 64-74 см-ді құрайды.

## **Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша**

Түркістан облысының аумағын қармен жабу алаңы 3.03. – 10.03.2022 ж. кезеңде өзгерген жоқ және 5%-ды құрайды.

Шардара су қоймасынан төмен Түркістан облысы аумағындағы Сырдария өзенінде Жосалы (Қызылорда облысы) ағысына дейін мұз толығымен ереді. Қазалы қаласынан төмен Қаратерең ауылына дейін сең жүру байқалады.

## **Жамбыл облысы бойынша**

Облыс аумағының қармен жабу алаңы 3.03. – 10.03.2022 ж. кезең үшін 18%-дан 3%-ға дейін азайды.

Облыс өзендерінде мұз құбылыстары байқалмайды.

## **Алматы облысы бойынша**

Облыс аумағының қармен жабу алаңы 3.03. – 10.03.2022 ж. кезең үшін 59%-дан 19%-ға дейін азайды.

Қапшағай су қоймасынан төмен Іле өзенінде Үшжарма ауылында мұз толығымен ереді. Мұз құбылыстары Жиделі ауылының төменгі ағысында сақталады.

Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша наурыз, сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

## **Траншекаралық өзендер бойынша**

Ескере отырып:

- Сырдария, Шу, Талас, Жайық, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендері ағысы көлемінің 80-90 %-ы шекаралас мемлекеттер аумағында қалыптасады;

- ағын үлесі, ҚР су алу шекті өлшемі мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы уағдаластықпен айқындалады;

- жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шекаралас мемлекеттерде қалыптасатын ағын көлемі «Қазгидромет» гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс болғандақтан бұл трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжам жасалмайды.

- Қырғызгидромет гидрологиялық болжамдарының мәліметтері бойынша Сырдария өзені алабындағы өзендердің сулылығы нормадан төмен болады деп күтіледі. Шу және Талас өзендерінің алаптары бойынша су деңгейі төмен және норма шегінде күтіледі. Қырғызгидромет жасаған гидрологиялық болжамдар қоса беріледі (5-қосымша).

Росгидромет гидрологиялық болжамдарының мәліметтері бойынша Жайық өзенінің сулылығы нормадан төмен болады деп күтіледі. Росгидромет гидрологиялық болжамдары қоса беріледі (6-қосымша).

Өзгидромет, Қырғызгидромет және Росгидромет гидрологиялық болжамдарына қосымша нақтылаулар енгізілген жағдайда, олардың ұсынылуына қарай мемлекеттік органдар мен мүдделі тұлғаларға жіберілетін болады.

**Бас директор**

**Д. Алимбаева**

**Бас директордың орынбасары**

**С. Саиров**